



# БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖ

Білім мекемесі қызметенрінің III қалалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

III городская научно-практическая конференция работников организаций образования

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА «БАЛАБАҚША-МЕКТЕП» САБАҚТАСТЫҒЫ  
ҮШІН ОҢТАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ТУҒЫЗУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫН ҚҰРУ  
ЖӘНЕ 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУДІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ



ПУТИ СОЗДАНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ  
ОПТИМАЛЬНЫХ УСЛОВИЙ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ «ДЕТСКИЙ САД-  
ШКОЛА» И ПОДГОТОВКИ К ПЕРЕХОДУ НА 12-ЛЕТНЕЕ  
ОБРАЗОВАНИЕ

АСТАНА - 2010

# МЕКТЕП ЖӘНЕ БАЛАБАҚША ПСИХОЛОГТАРЫ СЕКЦИЯСЫ

## 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оміртаева Рысалды Қалмұқанқызы,

№57 орта мектептің бастауыш  
сынып оку ісінің менгерушісі

Бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту процесі тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті түр.

Қазақтың ұлы ұстазы А.Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген даналы сөз, білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне еркін енуді көздейтін заман талабынан туындалп отырғаны шындық, яғни 12 жылдық білім стандартына көшү.

12 жылдық білім мазмұнның негізгі мақсаты – жедел дамып келе жатқан қоғамдағы шығармашылыққа бейім, өзіне сенімді, бәсекеге қабілетті, өз алдына шешім қабылдай алатын жеке тұлға болмақ.

12 жылдық білім беру стандартын жүзеге асыратын «субъект» - 6 жасар бала. Алты жасар бала кім? деген сұрақ туындауды. Демек, келген «субъект» әр түрлі ортадан (бақшада болған, бақшада болмаған, дайындықпен, дайындықсыз келген) психикасы мен жеке басының мүмкіндіктерін айқындастырып, әлеуметтік жағдайлармен кездесетініміз белгілі жағдай. Алты жасар балаларды мектепте оқыту мәселесі одақ көлемінде психологиялық (В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, П.Я.Гальперин, Н.А.Мечникова), кешенді түрде (А.М.Пышкено, Ш.А.Аманашвили), т.б. ғалымдардың еңбектерін сүйенсек, жүргізілген эксперименттік байқау – бақылау жұмыстарының нәтижесі негіз бола алады. Баланың даму процесін психологиялық тұрғыдан алсақ, олардың екінші өрлеуі – алты жастан басталады екен.

Тәжірибелеге келсек, 12 жылдық білім жүйесін жүзеге асыруда 2005-2009 оку жылдарын аралығына №4 мектеп гимназиясында жүргізілген эксперимент дәлелдеді. Алты жасар бала – алғыр, қабылдауы шапшаң, зерек т.б. бірақ та есте сақтау қабілеттері темен, тез ұмытшақ келеді. Зейіннің тұрақсыздығынан қабылдаған ақпарат тез ұмытылады. Эрине, зейін тұрақсыздығы біркелкі болмайды. Берілетін мәлімет оларды қызықтырмайтын болса, есте қалатындағы сәтті көріністер болмаса, тез жалығып кетеді.

Алты жасар бала – ойын баласы. Ендеши, ойын баласын оқытатын болсақ, оны оқытудың дидактикасы қандай болу керек?

- Біріншіден, жеке бастың іс-әрекетін жете зерттей келіп, жақсы нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігіне ие болғымыз келсе, бала бабын тұлғалық жүйеден таба білген жөн.

- Екіншіден, бала деңсаулығына көніл бөлу қажеттілігі де басты мәселе. Балаға берілетін білім мазмұнның мөлшері бір жүйедегі өлшемнен тыс болмауы тиіс, яғни деңсаулығына көрі әсерін тигізбейтіндегі болуы керек.

- Ушіншіден, баланың табиғи қабілеттіне қарай дамытудың көздеу қажет.

Бала өміріндегі танымдық дамыту (тіл, сенсорлық даму, есті, зейінді, қиялды, ойлауды) процесі білім беру саласындағы жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұннанда жаңаша іскерлік пен технологияны жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдістәсілдерін жүзеге асыратын ұстаз болуы керек. Өйткені, алты жасар балаға мектепке бару өміріндегі бетбұрыс. Бала психологиялық және әлеуметтік жағынан да өзгеріске үшінрайды.

Алты жасар бала - өз позициясын таңдайтын, соған орай өзіндік мінезі бар, іс-әркеттерінің нормаға сәйкес келу-келмеуін бақылауға қабілетті, өзгені де өзін-өзі бағалай алатын т.б. қасиеттері баршылық.

Ауызша сөйлеуі жақсы дамыған (мысалы, өзіне таныс ойын мазмұнын мүмкіндігінше үлкен-кішіге түсіндіріп, әңгіме айттып, жаттауды жаттай алатын), бейнелі түрде (абстракты ұғым емес, бейнелі ойлауға жүгініп) өздерінше пікір қоса алады. Ал, бұл балаларды оқытудың басты жолы – «ойын» әдісі арқылы білім беру. Яғни, «ойын әрекетін», белгілі бір жүйемен, «оку әрекетіне» айналдыру. Бұл мұғалім шеберлігіне байланысты. Сабак процесінде «ойын әрекетін» ұтымды пайдалануда, «оку әрекетіне» өтуі байқаусыз болуы керек. Кез – келген пәнде мұғалім басшылығымен берілген тапсырманы орындауда (сурет салу, бөяу арқылы, математикалық ұғымдарды көзбен көріп, қолымен ұстап (сезініп), өн бойынан өткізген жағдайда білімді игеріп отырғанын байқамай қалуы да мүмкін. Балалар білімді ойын арқылы да алады. Ал ойынды дұрыс таңдал ойнатуда баланың ой -өрісі, дүниетанымы кеңейеді, мінез-құлқы қалыптасады. Сабакқа белсенді қызығушылық танытады.

Әр сабактың сапалы болыш, тиімділігін арттыру жолы – білімді, шығармашылығы шындалған ұстаз қолында.